

*А.КИЗИМБАЕВА*¹✉, *Г.АХМЕТОВА*², *С.АЛЬДЕШОВА*²

¹Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
(Қазақстан, Ақтау), E-mail: kizimbaeva@mail.ru

²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
(Қазақстан, Атырау)

ТУРИЗМДЕГІ АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Еліміздің туристік бағыты бүгінгі күні ең басымдықты саланың бірі ретінде инвестициялауға жатады. Әрине мемлекетіміз үшін басым бағытты экономикасы болып табылатыны анық. Туристік саланың қарқынды дамуы үшін туристік қызметтермен айналысатын мекемелердің қаржылық есептілігінің нақтылығын дәлелдеу мақсатында аудиторлық тексеру керек-ақ. Бұл бір жағынан осы салаға құйылатын қаржылық салымдардың дұрыс бағытталғанына берілетін бірден-бір кепілдік. Бүгінгі таңда Қазақстанда туристік бизнесті дамыту мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады, өйткені Қазақстан экономикалық дамудың жаңа кезеңіне өтті. Осыған байланысты экономикалық қызметтің негізгі құрамдас бөлігі ретінде аудиторлық тексеруді нақты ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Осы мақалада Қазақстан Республикасындағы туристік бизнесте есеп пен аудитті дамытудың кейбір мәселелері қаралды. Бұл мақалада туристік фирмалардың есеп саясатын ұйымдастырудың кейбір аспектілері, олардың жұмыс істеуінің оң негізгі, сондай-ақ аудиторлар тексеру кезінде назар аударуы керек ерекшеліктер қарастырылады. Мақалада осы қызметтің ерекшелігін ескере отырып, туризм саласында аудиторлық тексерулер жүргізу мәселелері зерделенеді. Аудиттің негізгі артықшылықтары, сондай-ақ туристік фирмаларда міндетті аудит жүргізу қажеттілігі қарастырылады.

Кілт сөздер: бухгалтерлік есеп, аудит, туристік бизнес, туроператор, аудиторлық қызмет, туризм

Кіріспе

Бүгінгі күні кәсіпкерлік қарқынды дамуда. Мекемелердің ұйымдастыру формалары мен құқықтық нысандарының, әртүрлі меншіктің пайда болуы экономикалы-бақылау қызметтеріне елеулі өзгерістер әкелді.

Ұйымды басқару жүйелері мен сатыларына маңызды бухгалтерлік мәліметтермен қамтамасыз ететін, сонымен қатар бақылау жүргізе алатын мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар қызметтерін жүргізуде.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Кизимбаева А., Ахметова Г., Альдешова С. Туризмдегі аудитті ұйымдастыру ерекшеліктері // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2025. –No1(7). –p. 138–151. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-1.12>

***Cite us correctly:** Kizimbaeva A., Ahmetova G., Aldeşova S. Turizmdegi auditті üiymdastyru erekşelikleri [Features of the organization of audit in tourism] // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2025. –No1(7). –p. 138–151. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-1.12>

Экономикада бақылаудың басымдықты және анық түрлерінің бірі тәуелсіз бақылау екендігі белгілі. Жалпы тәуелсіз бақылауды аудиторлық ұйымдар немесе мекемелер, сонымен қатар жеке аудиторлар жүзеге асырады. Олар аудиттелінуші ұйым, яғни клиенттің есебінен шарт бойынша ақылы түрде іске асырумен айналысады.

Бүгінгі күні аудиттеу саласында маңызды жұмыстар атқарылуда, атап айтсақ, білікті аудиторлық кадрларды оқыту мен дайындау, аудиторлық бақылаудың сапалы жүйесін қалыптастыру, лицензиялы аудиторлық қызмет, заңдық құжаттарға сәйкес аудиторлардың аудиторлық құқықтарын, міндет-жауапкершіліктерін талапқа сай реттеу. Жалпы аудиттің пайда болу тарихынан, оның алдындағы мәселелерінен, аудиттің дамуынан және пайда болу тәжірибелерінен зерттеулерін баспа беттерінен экономист-ғалымдардың зерделеулерінен көріп жүрміз.

Жалпы қаражаттар қарастырылған есептерде аудиторлық операциялар басты назарға алынулары қажет. Сол үшін туристік кәсіпорындарда аудиторлық операциялар орындаған кезде нақты көрсетілген есеп шоттарды көрсету маңызды, кәсіпорындарды алға жылжыту бойынша үлестірілетін шығыстық жоспарларды, қаржыларды үнемдеу мен ұлғайту бойынша ұсыныстарды, бизнес жоспарларды, мәліметтер қолдану мақсатымен жоспарларды және жұмыс үдерісін ұйымдастыруды басқаруда бірізділікті арттыруда, сонымен қатар басқа да жұмыстарды жүргізу бойынша белгілі бір тәсілдерді қолданған жөн [1].

Қазіргі экономикада аудит барлық ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметтерінде маңызды боп келеді. Аудит дәл мәліметті ұсына алады. Екі ұйым арасында бір-біріне деген серіктестікті нығайтады. Тиімді басқару шешімдерін, кездескен кемшіліктерді жоюда ұсыныстарды қарастырады. Бәрінен бұрын мекеменің қаржылық әлеуетін жақсартады, қаржылық қызметінің тиімді жақтарын арттырады, қоғамды тұтасымен экономикалы-әлеуметтік жақтарымен жақсарта алады.

Аудиторлық қызметті қаржылай, экономикалы бағыттарда ғана емес, сонымен қатар, техникалы, заңды және басқа да үдерістерде жүргізіледі.

Еліміздің «Аудиторлық қызмет туралы» заңын алып қарасақ, келесі анықтамаларды көре аламыз, ол келесідей мазмұнға ие: «Жалпы аудит компаниялардың қаржылық есептілігін тексеру арқылы осы есептердің заңға сәйкес жасалып, нақтылығы, жан-жақтылығы туралы туралы пікірді қамтиды»

Сондықтанда аудиторлық қызмет ұйымның қаржылық және шаруашылық үдерістеріне бағалау жүргізетін, тәуелсіздік қағидасымен жүргізілетін қызметтің бір түрі ретінде қарастырылады. Жалпы бұл қызмет ақпарат бойынша тәуекелді азайтады. Өйткені есептерде дұрыстыққа жатпайтын мәліметтер кездеседі.

Еліміздегі қабылданған заңдарға сүйенетін болсақ, кәсіпорындарда кейбір кезде аудиторлық операциялар орындалмайды, олар:

- тексеріс жүргізетін деп көзделген туристік кәсіпорындарда басқарып отырған кәсіпорын мүшелері сол кәсіпорынның есепшісі қызметін атқарса;
- туристік кәсіпорындарда басқарып отырған кәсіпорын мүшелері тексеретін аудиторлық компаниялармен бірге өзара тығыз байланыста болатын болса;
- аудиторлық компаниялардың тексеріс жүргізу уақытынан 3 жыл алдыңғы мерзімде осы турфирмаға бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу бойынша қызметтер көрсеткен жеке аудиторлардың тапсыруы.

Туристік бизнестегі есеп пен аудит компаниялардың қаржылық ашықтығын, тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл мақалада Қазақстанның туристік секторында есеп пен аудитті ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастырдық. Туристік бизнесте көбінесе маусымдық ауытқулар болады, бұл бухгалтерлік есепте икемділікті қажет

етеді. Мысалы, жарнама шығындарының есебі жыл мезгіліне және ең жоғары маусымға байланысты өзгеруі мүмкін. Экскурсиялар, рейстер және тұру сияқты туристік қызметтерді есепке алудың да өзіндік ерекшеліктері бар.

Материалдар мен әдістер

Елімізде туризмнің дамуы кәсіпкерлік қызметті басқару, бақылау және талдау салаларындағы ролі артқан бухгалтерлік ақпараттармен қатар жүреді. Бухгалтерлік мәліметтердің өз уақытында дайын болуына, сапасы мен сенімділігіне бухгалтердің дайындығы мен кәсібилігінің жоғары деңгейі қол жеткізеді. Шаруашылық жүргізудің қалыптасқан жағдайында туристік бизнеспен айналысатын компаниялар бухгалтерлік есеп жүйесін нақты ұйымдастыруы, пайдаланушыларға уақтылы және сенімді қаржылық есептілікті құруы және ұсынуы, активтер мен міндеттемелердің жай-күйі туралы мәліметтерді уақтылы алуы тиіс.

Туризмдегі бухгалтерлік есеп пен аудиттің мақсаты мүдделі тұлғаларды жеке кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Туризмдегі бухгалтерлік есептің міндеттеріне мыналар жатады:

- туристік фирманың қызметі және оның мүлкілік жағдайы, ішкі есептілікті пайдаланушыларға – ұйымның басшыларына, құрылтайшылары мен меншік иелеріне, сондай – ақ сыртқы инвесторлар мен кредиторларға қажетті толық және сенімді ақпаратты қалыптастыру;

- туристік фирманың шаруашылық қызметінің теріс нәтижелерін болдырмау және ішкі шаруашылық резервтерін анықтау, оның қаржылық тұрақтылығы.

Туризмдегі басқару жүйесінде бухгалтерлік есеп жүргізетін екі негізгі функция бар: ақпараттық және бақылау. Жалпы туристік қызметпен айналысатын ұйымдардың есептік, өндірістік қызметтерінің тиімділігі есепті ұйымдастыру саласындағы әдістеменің нақты таңдалуымен тығыз байланысты. Себебі туроператор туристік демалуды қалайтын клиентке ақылы түрде шартпен реттелген қызметтерді ұсынады. Сондықтан да олардың қызметтеріне туристік өнімнің барлық құнына кіретін табысты есептеу жатқызылады. Туристік қызметпен айналысатын компаниялардың ұсынатын қызметтері мен өнімдерін келесідей жіктеп көрсетуге болады: туристік қызметтік агенттердің қызметтері, елдер бойынша алдын-ала реттелген турлар, брондауды алдын ала ұйымдастыру және басқа да қосымша қажет ететін қызметтердің түрлері. Бірақ бұл қызметтер бойынша кірістері бөлек ескерілгені дұрыс [2]. Біздің түсінігімізше, туристік өнім – бұл ұсынылатын туристік өнім немесе қызмет бойынша екі жақты келісім шарт негізіндегі құны ұсынылатын келесідей қызметтердің жиынтығы: тасымал қызметі, жеткізу орналастыру жұмыстарын қоса алғанда. Ұсыну бағдарланған туристік өнім бойынша клиентке туроператор, туристік қызмет бойынша өкілдермен қамтамасыз ету, жүріп-тұру қамтылған бағдарламасы, құн, әртүрлі жеке жұмыстар ұсынатын үшінші бір тұлғалар, демалысқа уақытша орналасатын елге немесе орынға жету және одан кері қайту қағидалары нақты қарастырылатын нақты қызметпен реттеледі. Жалпы саяхаттаудың шарттық қағидалары, туристік өнімнің ақысы мен құны арнайы құжаттама болып табылатын туристік жолдамамен нақтыланады [3].

Қазақстан Республикасында экономикамыздың жолға қойылған, қарқынды дамып келе жатырған саласы ретінде туристік қызметтердің нарығын айтуға болады. Бұл ерекшелігі туризмнің – атқарылатындардың барлығы қызмет саласында болатындығы, сонымен қатар еңбек пен сату нысанына байланысты. Ал компаниялардың көрсететін ақылы қызметтеріне нақты, сенімді есеп жүргізе білу туристік бағыттағы бизнесті ұйымдастыруға ықпал етеді. Жоғары білікті қызметке деген қажеттілік есеп бағытында туристік қызметтің дамуына

жетелейді. Еліміздің әлемдік бағыттағы туризм үшін интеграциясын кеңейтуге бағдарланған экономиканың бірегей саласына айналғаны сөзсіз. Туристік индустрияны, экологиямен байланысты туризмді, жол бойындағы қызметті, цифрлық инфрақұрылымды және ақпараттық бірлікті кешенді дамытуға бағдарланған туристік қызметті дамыту стратегиясы жасақталды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы туристік нарықтың негізгі қатысушылары: агенттер, операторлар және олардың клиенттері арасындағы қатынастарды нақты және жан-жақты реттейді. Алайда, заңның барлық нормалары мен талаптарының сақталуын бақылау әлі де компания басшыларына жүктеледі, өйткені олар бірінші кезекте бүкіл турбизнес жүйесінің тиімді жұмысына мүдделі. Ұйымның істерін бақылаудың ең жедел әдістерінің бірі-туризмде бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу. Туризмдегі бухгалтерлік есеп компанияның формасына (ЖШС т.б.) және таңдалған қызмет бағыттарына байланысты өзгереді, бірақ кез-келген жағдайда саланың ерекшелігі ұйымның бастапқы құжаттарын рәсімдеуге ерекше назар аударуды талап етеді.

Туристік қызметтер нарығында қатысушылардың 2 түрі бар: туроператорлар мен туристік агенттер. Біріншісі туристік қызметтердің толық кешенін ұйымдастырумен және сатумен айналысады: жолаушыларды тасымалдау, қонақүйлерді брондау мен қонақүйлерде орналастыру, экскурсиялар ұйымдастыру. Турагенттер делдал ретінде әрекет етеді: олар түпкілікті тұтынушыларды тауып, оларға нарық операторларының қызметтерін қайта сатады. Қазіргі әлемде агент пен оператордың ролін бір компания атқаратын жағдайлар жиі кездеседі.

Туризмдегі есеп-бұл оңай шаруа емес, өйткені оны орындау кіріс және шығыс құжаттардың үлкен ағынымен байланысты. Қатаң есеп беру формасын толтыру қажеттілігі және қасалық машинаны пайдалану бухгалтерлерге жұмыс қосады. Сондықтан сенімді және жауапты бухгалтерді таңдау туристік компания басшысының бірінші кезектегі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі заманғы бизнесте туристік компаниядағы бухгалтерлік есеп процесінде белгілі бір өнімді сатудың сауатты схемасы маңызды рөл атқарады. Бұл қызметтерді жеткізушілер мен тұтынушылар арасында келісім-шарт жасасуға ерекше назар аудару керек дегенді білдіреді, өйткені бұл компанияның есептілігіндегі кірістердің көрінуіне тікелей әсер етеді. Туризм компанияларында аудит жүргізу арқылы бухгалтерлердің туризм үшін шаруашылық операциялары мен бухгалтерияларды сауатты жүргізіп қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі келісімшарттар жасасу мәселелерінде құзыретті.

Зерттеу нәтижелері мен анализ

Туризм саласындағы кәсіпорындардың атқаратын қызметіне қарай, турфирма, туроператорлық қызметтердегі кіріс шығыс операциялардың ерекшеліктеріне қарай қаражаттарды есептеу барысында бухгалтерлік есепке алу кезінде айрықша көрсетілуі тиіс бағыттар бар.

Турфирмалардағы турпакеттерді сату, мейрамханаларда мәзірі бойынша асты сату, қонақ үйлердегі бөлмелерді өткізу және тағы басқа да туристік қызметтерді жүзеге асыру міндетті түрде қабылданған ережелерге заңдарға сәйкес дәлелденген көзжеткізілген шынайы ақпараттық мәліметтер арқылы адал және әділ қызмет көрсету ережелері арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Турфирмалар мен туристік кәсіпорындардағы көрсетілетін қызмет бойынша көптеген сақтандыру шаралары қарастырылады, себебі туризм саласының ерекшелігіне байланысты қызмет көрсету барысында тәуекел сипаты көп кездеседі. Тұтынушылар турпакеттерді сатып алу барысында міндетті түрде саяхаттау уақыты кезеңінде ұстанатын екі жақты келісім шартқа қол қойылады. Осылайша сақтандыру есебіне қосылған қаражат

турпакеттің өзіндік құны есептелу кезінде шығындар сметасында көрсетіледі және де бұл операциялардың барлығы туристік қызмет туралы заңның аясында жүргізіледі. Туристік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету шартын есепке алу тәртібі кестеде көрсетілген.

1-кесте – Туристік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуді есепке алу ерекшеліктері

Келісім шарт түрлері	Келісім шарт бойынша қаржы айналымы
<ul style="list-style-type: none"> - туристік кәсіпорындарда ақылы қызмет көрсету келісімдері - турфирмалар клиенттеріне турагент пен туроператор екеуі бірігіп қызмет көрсететін келісімдер 	<ul style="list-style-type: none"> – қаржылай айналымды есепке алу; – кірісті есепке алу; – турфирмаға қаражат аудару; - Турпакеттің шығындар сметасы бойынша өзіндік құны
<i>Ескерту- дереккөзден алынды [7]</i>	

Туроператор мен турагент арасындағы шартта белгіленген жолдаманың толық құны туроператордың салық салу объектісі болып табылады. Турфирмадағы турагенттердің тұтынушыларға турпакет жасап, сату кезіндегі алған жалақысына қосымша төлемдер алу кезіндегі кепілдемелер есепке алынып отырады. Туристік индустриядағы кәсіпорындардың қаржыларын есепке алу ережелері бухгалтерлік есеп арқылы жүргізіледі, олардың жиынтығына туристік кәсіпорынның барлық кіріс-шығыс операциялары, туристік өнімнің өзіндік құнын құрайтын шығындар сметасы, ағымдағы қаржылай қаражаттардың және негізгі капиталдың жылжуын қамтитын қорытынды есеп жүргізіледі. Туристік фирма жасаған турпакеттің бағасы турөнімнің құқықтарына байланысты есепке алынбайды. Турагент қызметіне төленетін қаржылай есептің ішіне тұтынушыға авиа немесе теміржол т.б. көлік түрлеріне сатып алынған билеттер үшін қызметі және басқа да қызметтері кіреді. Турпакеттер турфирманың туындысы болып саналады және негізгі баланстың есебінде ескерілмейді. Турпакеттерді қайтып алу жағдайларында турфирма қолданбаған турпакеттердің қаражатын басқа шығындар құрамына кіргізеді. Турфирма мен тұтынушының арасында түзілетін келісім шарттың негіздері бойынша турпакеттерден түскен қаржыны кәсіпорынның есебіне кірістіру жолдары төмендегі кестеде көрсетілген.

2-кесте – Турпакеттерден түскен қаржыны кәсіпорынның есебіне кірістіру жолдары

Келісім шарт түрлері	Келісім шарт бойынша қаржыны есепке алу жолы
<ul style="list-style-type: none"> - Турфирма мен тұтынушының арасындағы келісім шарт - туроператор мен турагент арасындағы келісім шарт - Турфирмаға турпакетті сатуға құқық беретін арнайы келісім шарт - агент тек сыйақы алатын келісім шарт. 	<ul style="list-style-type: none"> - клиенттен төлем түсті; - ваучерді сату көрсетілген; - агенттің сыйақысы көрсетілген; - туроператорға аударылды; - шығындардың өзіндік құны көрсетілген.
<i>Ескерту- дереккөзден алынды [7]</i>	

Егер шарттың мазмұнынан туристік қызметтерді кім нақты көрсететіні және оларды кім сататыны анық болмаса, онда тиісті емес қызмет көрсету үшін (мысалы, қонақ үй нөмірі

санатқа сәйкес келмейді) ұйым өзара жауапкершілік болмаған жағдайда жауап береді.

Қазіргі уақытта туристік қызметтің негізгі субъектілері: туристік өнімді сату кезінде туроператор, турагент, турист (немесе өзге тапсырыс беруші) арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу тәртібі белгіленген. Туристік индустриясындағы кәсіпорындарда тәуекелділік деңгейі, кеденнен өту шарттары, денсаулыққа зиянкесті жағдайлар, қоршаған ортаға, табиғи ресурстарға келтіретін зиянкешіліктердің барлығы заңмен белгіленген ережелерді сақтамауға, қабылданған нормаларды бұзуға жол ашады. Сонымен, азаматтық кепілдемелердің сақталмауына алып келеді. Қазіргі нарықтық заман талаптарына сүйенетін болсақ, неғұрлым аз қаражат жұмсап, ұзақ мерзім пайдасын көру салалары өзекті болып табылады, сондай салаларға туристік индустрияны да жатқызу өзекті мәселеге айналды.

Туристік индустриясындағы кәсіпорындарды жүйелі түрде тексеріс пен бақылаудан өткізу аудиторлық процесстің маңызды бөлігі болып табылады және қазіргі таңда өте өзекті мәселе болып тұр. Аудиторлық процесстегі тексеріс пен бақылауларды кім жүргізеді, кімдер аудиторлық кампания бола алады, олардың талаптары қандай, олармен келісімшартқа отыру ережелері қандай? Қазіргі жағдай осындай маңызды әрі өзекті сұрақтарға көңіл аударуды және нақты ережелерді қалыптастыру кезінде туризм ұйымы не нәрсеге ерекше назар аударуы керектігі аса қатты талап етіп тұр.

Туристік бизнес саласындағы кәсіпорындардың меншігіне қарай өзгешеліктері бар. Туризм инфрақұрылымындағы объектілерде әртүрлі меншік иелері кездеседі.

Бұл қарастырылып отырған салада меншік иесіне қарай кәсіпорындар мен кәсіпкерлер өз ерекшеліктеріне байланысты заңды және физикалық тұлғалар, жекеменшік, акционерлік қоғам, серіктестік кәсіпорындар болып бөлінеді. Қазіргі кезде туристік кәсіпорындарды бір жүйеге келтіру үшін сантүрлі аудиторлық операциялар арқылы жүргізілетін бақылаулар мен тексерістер жүргізіледі, бірақ олардың нақты бір бекітілген әдістемесі қабылданбаған.

Аудиторлық операциялар арқылы тексерістер мен бақылаулар қазіргі кезде жаңа бастамалар алуда, олар жоғары уәкілетті органдармен қарастырылып, тиісті мекемелердің шешімі бойынша жүзеге асырылады және де туристік кәсіпорындарға деген арнайы аудиторлық операциялар бағыты қолданылмайды.

Осы уақытқа дейін бақылаған тәжірибемізге қарағанда, туристік саладағы кәсіпорындардағы жүргізілетін аудиторлық операциялар тек сол туристік кәсіпорындардың басқарушы мүшелерінің ұсыныстары бойынша жүзеге асырылады және нақты бекітілген бір жүйеде жүргізілмейді. Ол операциялар әртүрлі жүйелермен жүзеге асырылады. Туризм саласында әлі де зерттеулердің аздығы байқалады. Басқа салалардағы кәсіпорындардың жалпы аудитінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ, туристік компаниялардағы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің, ақша қаражаттары мен қарыз ресурстарының аудит әдістемесінің. Бірақ бұған қарамастан, туризмдегі аудит өзіндік сипаттамаларға ие. Аудиттің жекелеген учаскелерінен (сегменттерінен) тұратыны. Аудиторлық фирма әзірлеген туристік қызметті аудиторлық тексеру бағдарламасынан көруге болады. Аудиттің бұл сегменттері кәсіпорынның бухгалтерлік есеп объектілеріне ұқсас туристік компанияларда аудит жүргізуге мұндай тәсілді әдетте сегменттік тәсіл деп атайды.

3-кесте – Аудиторлық тексеру объектілерінің құрылымы бойынша туристік қызмет кәсіпорындарында аудитке сегменттік көзқарас

№	Аудит сегменттері	Аудит сегменттерінің құрылымдық элементтері
1	Құрылтайшылармен есеп айырысу құрылтай құжаттарының аудиті	- Құрылтай құжаттарын тексеру; - лицензияның болуын тексеру туристік қызметті жүзеге асыру құқығына; - құрылтайшылармен есеп айырысу аудиті
2	Ақша қаражаттарының аудиті	- есепке алу аудиті кассалық операциялар бойынша; - операцияларды есепке алу аудиті ағымдағы банктік шоттардағы; - операциялардың аудиті валюталық шот бойынша
3	Қорлар аудиті	- Материалдық құндылықтардың түсу аудиті; - бағалауды тексеру қорлар бойынша; - есептен шығару аудиті материалдық құндылықтар бойынша
4	Қаржылық нәтижелерінің аудиті туристік фирма қызметі бойынша	- кірістердің аудиті негізгі және негізгі емес қызметтер бойынша; - шығыстардың аудиті негізгі және негізгі емес қызмет бойынша
<i>Ескерту – Дереккөзден алынды [8]</i>		

Сегменттік тәсілді аудитті жүргізуде шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады (сурет. 1)



1-сурет – Туристік сала кәсіпорнын аудиторлық тексерудің сегменттік тәсілінің кезеңдері

Ескерту – Дереккөзден алынды [7]

Туроператор тұтынушыға ақылы қызмет көрсету шарты бойынша қызмет көрсетеді және есепте өнімнің барлық құнына кірісті көрсетуге міндетті.

Туристік бизнесте аудиттің бірнеше маңызды функциялары бар:

– Қаржылық ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету: аудиторлар компанияның қаржылық жағдайын дәл көрсететініне көз жеткізу үшін қаржылық есептілікті тексереді.

– Тәуекелдер мен қателерді анықтау: Аудит компанияға оларды жою үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін ықтимал тәуекелдер мен бухгалтерлік қателерді анықтауға көмектеседі.

- Инвесторлар мен серіктестердің сенімін қолдау:

Аудит инвесторлар, банктер және басқа да мүдделі тұлғалар тарапынан компанияға деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Аудитор туризм саласында аудиторлық тексеру жүргізу кезінде компания қызметінің нормативтік құжаттарға сәйкестігіне ерекше назар аудару керек. Аудиторлық процессте, яғни аудиторлық бақылау мен тексеріс жүргізілген кезде міндетті түрде турфирма мен тұтынушының арасындағы келісім шарт, туроператор мен турагент арасындағы келісім шарт, турфирмаға турпакетті сатуға құқық беретін арнайы келісім шарт және агент тек сыйақы алатын келісім шарттар қарастырылады. Аудиторлық процесстен кейін аудитор туристік кәсіпорынның жүзеге асырған іс қимылдарын есеп түрінде бағалауға құқылы. Сол берілген есептің ішінде қандайда бір алдын ала белгіленген немесе қабылданған ережелерден ауытқулар болатын болса, міндетті түрде көрсетілуі қажет. Ең алдыңғы кезеңде туристік кәсіпорында жасалған келісім шарттардың мазмұны мен атауының сәйкестігі тексеріледі. Екінші кезеңде туристік кәсіпорында заңға сәйкес барлық құжаттардың болуы қадағаланады, келісім шарттардың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелеріне сәйкестігі тексеріледі.

Туристік кәсіпорындарда басқарушы мүшелері өздері қаржылық есепті жүргізетін болса, аудиторлық процесс кезінде бақылаушылар мен тексерушілер басқарушылар бөлімін жеке тексереді. Аудиторлық бақылау кезіндегі басқарушылар бөлімін жеке тексеруге қаржы бөлімін экономика мен құқықтары жағынан, олардың қызметтері мен құжаттарын, лауазымдық міндеттері мен мақсаттарын тексеруі қажет.

Аудитор туристік фирманың барлық бухгалтерлік жазбаларын талдауы керек, сонымен қатар бухгалтерлік есеп шоттарындағы шығыстарды көрсету тәртібін мұқият тексереді. Туристік ұйымның шығындарын есепке алуды тексеру соңында аудитор есеп – анализ жүргізу туристік кәсіпорындарда аудиторлық операциялар жүргізу жүйесі бойынша мәселерді шешуде жаңа бағыттар мен оларды ары қарай дамыту жетілдіру жолдарын көрсетеді.

Турфирмалық кәсіпорындардың көбісі кейбір есептік қызметтерін жүзеге асыру кезінде шеттегі басқа тұлғалардың көмегіне жүгінеді, айтатын болсақ, турфирманың қызметін пайдаланушыларға орындар брондау кезінде, оларға турпакеттер сату кезінде, қонақ үйлерде бөлмелерді резервтеу кезінде т.б. кейбір соммаларды басқа адамдарға аударады. Осындай қаражаттар бухгалтериямен жасалынатын есептерде «жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу» деп аталатын 3310 шотында аванстар бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, алдыңғы уақыттардағы шығындардың ішіндегі құрамы ретінде енді сақтандыру полисінің құнын көрсетудің қажеті жоқ.

2020 жылы туризм саласындағы кәсіпорындардың қаржылық есептерін жүргізу жүйесі жалпы ақпараттандыру құралдарымен жүргізіле бастады және аудиторлық компаниялар мен салық органдарының өзара байланыстары арқылы міндетті есептілік жүйесін құрайды. Туризм саласындағы кәсіпорындарда аудиторлық тексерістерді жүргізу тәртібі алдын ала

белгілі емес, себебі туристік кәсіпорынның кірісі жыл бойынша жасалған кіріс жоспарынан асып түскен жағдайда жылына бір рет аудиторлық бақылау есеп жүргізілуі тиіс. Сондай ақ тексеріс кезінде ережелерді бұзу жағдайлары кездесетін болса, бекітілген заңмен қаралуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған міндетті есептілік жүйесі бойынша жүргізілетін есеп пен туристік кәсіпорындардағы аудиторлық тексерістердің нәтижелерін талдау барысында келесідей сәйкессіздіктер кездесуі мүмкін:

- сот істерінің нәтижесінің және шарттық міндеттемелердің орындалмауының ықтималдығын елеулі бағалауға негізделген бағалау міндеттемесі есептелмеген;

- есептен шығарылған үмітсіз дебиторлық берешек сомасы, сондай-ақ өз қызметін тоқтатқан контрагенттер бойынша қалпына келтірілген резерв сомасы шығындарға енгізілмеген;

- активтер мен міндеттемелер айналыс (өтеу) мерзіміне байланысты бөлімшемен есептілікте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып ұсынылмайды.

Мұндай бұзушылықтардың алдын алуға туризмді цифрландыру және білім беру ортасына интеграциялау ықпал етеді. Әрине, туристік қызметтердің сапасы туроператорлар қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне сапалы қызмет көрсету, тиімді басқару процестерін іске асыру, туристер арасында жүргізілген сауалнамаларға сүйенетік болсақ, туристік өнімді талдаудың оңтайлы жолдары анықталады. Қашықтықтан жұмыс жасайтын турагенттіктер, онлайн экскурсоводтар, тұрақты жұмыс жасайтын сақтандыру компаниялары, ұйымдастырылған турлардың ерекшелігін, өзектілігін, тиімділігін көрсетіп саяхатшылардың санын арттыруға әсерін тигізеді және де бұл өз кезегінде дұрыс есептіліктің жүргізілуін талапқа қояды.

Қазақстанда туризмді ілгерілетуге бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары шығарылды, онда жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер атап өтілгені белгілі. Мәселен, мемлекеттік аудит қорытындысына сәйкес 919,4 млн теңге сомасына активтердің тиімсіз пайдаланылуы байқалады.

Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау бөлігінде 546,9 млн теңге сома анықталған. Тиімсіз жоспарлау турпотенциалды цифрландыру және талдау бойынша, бірақ 2023 жылға арналған іс-шаралардан тұрады.

Аудиторлардың қорытындысы бойынша құнның артуы қызмет көрсетудің жоспарланған және нақты кезеңіндегі айырмашылықты білдіреді.

Мысалы, Ақпараттық жүйелерді техникалық қолдау 2022 жылы 6 айға есептелген, алайда бюджеттік және сатып алу рәсімдерінің ұзақтығына байланысты Министрлік пен ұлттық компания арасында 4 айға шарт жасалды. Бұл ретте, жүйелер жыл басынан бері ұлттық компания қызметкерлерінің күшімен жұмыс істеді және қолдады.

Аудит барысындағы кемшіліктер мен оларды жою жолдары келесідей ұсынылады: қаржылық есептіліктегі қателіктерді түзеу, шығындарды бақылау жүйесін жетілдіру, бюджеттің орындалуын бақылау әдістерін тиімді тұжырымдау.

Қаражатты тиімді жұмсауды жоспарлау бойынша шығындар мен инвестицияларды басқару, мақсатты бюджетті бөлу, пайда мен шығындарды талдау мәселелері қарастырылады.

Аудитті жүргізудің нақты әдістері қаржылық есептілік, ішкі бақылау жүйесі, ақша ағындарын бақылау және шығындарды басқару жүйесіне бағытталған болуы тиіс:

- Құжаттарды тексеру: Барлық қаржылық құжаттарды (шот-фактуралар, төлем құжаттары, келісімшарттар, есептілік) тексеру.

- Қаржылық есептілікті салыстыру: Алдыңғы жылдармен салыстырмалы түрде, сондай-ақ бюджеттік жоспармен салыстырып тексеру.

- Ішкі бақылауды талдау: Кәсіпорынның қаржылық операцияларына қатысты ішкі бақылаудың бар-жоғын тексеру. Бұл жағдайда тексеру мәліметтерін кіріс пен шығындар бойынша жүйелеу, кассалық бақылау, есеп айырысуларды қадағалау.

4. Аудит барысындағы анықталған кемшіліктер: Аудит барысында анықталған нақты кемшіліктер мен мәселелерді көрсетіп, олардың шешімдерін ұсыну.

Мәселелер:

- Шығындарды бақылаудың болмауы: Кейбір шығындар жоспарланған бюджеттен асып кеткені анықталды, өйткені ішкі бақылау жүйесі жеткіліксіз.

- Қаржылық есептіліктің деректері толық емес: Кейбір шығындар мен кірістер дұрыс тіркелмеген, бұл қаржылық есептің дәлдігіне әсер етуде.

- Кассалық операциялардың бұзылуы: Кассалық операциялар бойынша құжаттар мен есептердегі сәйкессіздіктер байқалды.

4. Қаражатты тиімді жұмсау жоспарлары

Қорытынды

Туризм саласы әлемдегі ең табысты және жоғары қарқынмен дамып келе жатқан бизнес түрлерінің бірі болып табылады, оның жалпы әлемдік кірістегі үлесі шамамен 10,0 пайызды құрайды, әлемде құрылатын әрбір жетінші жұмыс орны туризм саласына тиесілі. Дүниежүзілік туристік ұйым елдерге туристік әлеуетті арттыру, жаңа қызметтер көрсету, жаңа туристік брендтер құру және туризмнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізуді ұсынады. Бұл өз кезегінде туризм географиясының одан әрі кеңеюін, ЖІӨ-дегі үлесті және туризмді рентабельділік салаларының бірі ретінде көрсетеді. Әлемдік туризм экономикасындағы кәсіпкерліктің даму үрдістері мен үрдістерін бағалау, туризм секторының экономикалық тиімділігін арттыру, жұмыспен қамту және саладағы кірістердің өсуі үшін мүмкіндіктерді толық пайдалану, қаржылық есеп пен есептілікті жақсарту маңызды. Туризм индустриясындағы турфирмала жұмыстарында туроператорлар мен турагенттер өзара байланысы бойынша жасалған келісім шарттар арқылы істерін жүзеге асырады. Аудиторлық процесстегі бақылауда ең алдыңғы кезеңде туристік кәсіпорында жасалған келісім шарттардың мазмұны мен атауының сәйкестігі тексеріледі. Екінші кезеңде туристік кәсіпорында Заңға сәйкес барлық құжаттардың болуы қадағаланады, келісім шарттардың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелеріне сәйкестігі тексеріледі.

Туризм саласындағы кәсіпорындарда аудиторлық тексерістерді жүргізу тәртібі алдын ала белгілі емес, себебі туристік кәсіпорынның кірісі жыл бойынша жасалған кіріс жоспарынан асып түскен жағдайда жылына бір рет аудиторлық бақылау есеп жүргізілуі тиіс. Сондай ақ тексеріс кезінде ережелерді бұзу жағдайлары кездесетін болса, бекітілген заңмен қаралуы мүмкін.

Туристік кәсіпорындарда басқарушы мүшелері өздері қаржылық есепті жүргізетін болса, аудиторлық процесс кезінде бақылаушылар мен тексерушілер басқарушылар бөлімін жеке тексереді. Аудиторлық бақылау кезіндегі басқарушылар бөлімін жеке тексеруге қаржы бөлімін экономика мен құқықтары жағынан, олардың қызметтері мен құжаттарын,

лауазымдық міндеттері мен мақсаттарын тексеруі қажет.

Аудитор туристік фирманың барлық бухгалтерлік жазбаларын талдауы керек, сонымен қатар бухгалтерлік есеп шоттарындағы шығыстарды көрсету тәртібін мұқият тексереді. Туристік ұйымның шығындарын есепке алуды тексеру соңында аудитор есеп – анализ жүргізу туристік кәсіпорындарда аудиторлық операциялар жүргізу жүйесі бойынша мәселерді шешуде жаңа бағыттар мен оларды ары қарай дамыту жетілдіру жолдарын көрсетеді.

Міндетті есептілік жүйесі бойынша жүргізілетін есеп пен туристік кәсіпорындардағы аудиторлық тексерістердің нәтижелерін талдау барысында келесідей сәйкессіздіктер кездесуі мүмкін:

- сот істерінің нәтижесінің және шарттық міндеттемелердің орындалмауының ықтималдығын елеулі бағалауға негізделген бағалау міндеттемесі есептелмеген;

- есептен шығарылған үмітсіз дебиторлық берешек сомасы, сондай-ақ өз қызметін тоқтатқан контрагенттер бойынша қалпына келтірілген резерв сомасы шығындарға енгізілмеген;

- активтер мен міндеттемелер айналыс (өтеу) мерзіміне байланысты бөлімшемен есептілікте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып ұсынылмайды.

Қорытындылай келе, қазіргі кезде туристік кәсіпорындарды бір жүйеге келтіру үшін сантүрлі аудиторлық операциялар арқылы жүргізілетін бақылаулар мен тексерістер жүргізіледі, бірақ олардың нақты бір бекітілген әдістемесі қабылданбаған деп айта аламыз.

Аудиторлық операциялар арқылы тексерістер мен бақылаулар қазіргі кезде жаңа бастамалар алуда, олар жоғары уәкілетті органдармен қарастырылып, тиісті мекемелердің шешімі бойынша жүзеге асырылады және де туристік кәсіпорындарға деген арнайы аудиторлық операциялар бағыты қолданылмайды.

Кәсіпорынның қаражатын тиімді жұмсауды жоспарлау үшін ұсыныстар беру қажет. Мұнда қаржылық стратегияларды қайта қарау, шығындарды азайту немесе кірістерді арттыруға бағытталған ұсыныстар болуы керек:

- Шығындарды бақылау жүйесін енгізу: Шығындарды үнемі қадағалау үшін ішкі бақылау жүйесін нығайту. Кәсіпорында шығындар бойынша арнайы бөлім немесе жауапты тұлға болуы тиіс.

- Бюджет құрылымын жетілдіру: Қаржылық жоспарлау және бюджетті бөлу жүйесін күшейту. Бюджеттің әрбір бағытын нақты жоспарлау және оны үнемі бақылап отыру керек.

- Түскен қаражатты тиімді бөлу: Қаражатты тиімді бөлу үшін инвестициялар мен жобалар бойынша қайтарымдылықты есептеу әдісін енгізу. Әрбір турдың рентабельділігін есептеп, пайда әкелетін бағыттарға қаржыны көбірек салу.

Осы уақытқа дейін бақылаған тәжірибемізге қарағанда, туристік саладағы кәсіпорындардағы жүргізілетін аудиторлық операциялар тек сол туристік кәсіпорындардың басқарушы мүшелерінің ұсыныстары бойынша жүзеге асырылады және нақты бекітілген бір жүйеде жүргізілмейді. Туристік фирмалардың аудиторлық тексерулері оларға бухгалтерлік есеп пен салықтарды есептеудегі ықтимал қателіктерді анықтап қана қоймай, жағымсыз салдарлардың алдын алып қана қоймай, сонымен бірге ұйымның қаржылық жағдайын сенімді түрде көрсетуге, оның сенімділігі мен тұрақтылығының кепілі бола алатындығын атап өткім келеді. Біз білетіндей, дәл осы қасиеттер осы қызмет саласын әлеуетті клиенттердің көз алдында тартымды етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Досманбетова А.С. Бухгалтерский учет в туризме и гостиничном бизнесе. – Алматы: LEM, 2020. – 340 с.
2. Кожабеков С.С., Сулеева С.Е., Карымсаков А.К. Бухгалтерский учет в ресторанном деле и гостиничном бизнесе: Учебное пособие. – Тараз: Таразский университет, 2018. – 317 с.
3. Лазарева Н.В. Учет, контроль и аудит в туризме // Казанский экономический вестник. – 2019. – № 3 (41). – С. 86-93.
4. Мукашева А.Т. Совершенствование аудита финансово-хозяйственной деятельности туризма // Материалы V Международной научной конференции Экономика, управление, финансы. – 2015. – С. 60-63.
5. Сакенова З.М., Сакенов Н.А. Международные стандарты аудита: Учебное пособие / З.М. Сакенова, Н.А. Сакенов. – Нур-Султан: «Туран-Астана», 2019. – 224 с.
6. Тусибаева Г.С. Качество аудиторских услуг: теория, методология, контроль: Монография / Под ред. д.э.н., проф. М.К. Алиева. – Астана: изд. КазУЭФМТ, 2015.
7. Османова А.Т. Особенности организации аудита в сфере туризма // В сборнике: Экономика, политика, право: актуальные вопросы, тенденции и перспективы развития. Сборник статей VI Международной научно-практической конференции. – Пенза, 2020. – С. 77-80.

REFERENCES

1. Dosmanbetova A.S. Buhgalterski uchet v turizme i gostinichnom biznese. [Accounting in tourism and hotel business.] – Almaty: LEM, 2020. – 340 s.
2. Kojabekov S.S., Suleeva S.E., Karymsakov A.K. Buhgalterski uchet v restorannom dele i gostinichnom biznese: Uchebnoe posobie. [Accounting in the restaurant and hotel business: A textbook.] – Taraz: Tarazski universitet, 2018. – 317 s.
3. Lazareva N.V. Uchet, kontrol i audit v turizme [Accounting, control and audit in tourism] // Kazanski ekonomicheski vestnik. – 2019. – № 3 (41). – S. 86-93.
4. Mukaşeva A.T. Sovershenstvovanie audita finansovo-hozäistvennoi deiatelnosti turizma [Improving the audit of financial and economic activities of tourism] // Materialy V Mejdunarodnoi nauchnoi konferensii Ekonomika, upravlenie, finansy. – 2015. – S. 60-63.
5. Sakenova Z.M., Sakenov N.A. Mejdunarodnye standarty audita: Uchebnoe posobie [International Standards on Auditing: A Study Guide] / Z.M. Sakenova, N.A. Sakenov. – Nur-Sultan: «Turan-Astana», 2019. – 224 s.
6. Tusibaeva G.S. Kachestvo auditorskih uslug: teoria, metodologia, kontrol: Monografia [Quality of audit services: theory, methodology, control: Monograph]/ Pod red. d.e.n., prof. M.K. Alieva. – Astana: izd. KazUEFMT, 2015.
7. Osmanova A.T. Osobennosti organizasii audita v sfere turizma [Features of the organization of audit in the field of tourism] // V sbornike: Ekonomika, politika, pravo: aktuälnye voprosy, tendensii i perspektivy razvitiia. Sbornik statei VI Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. – Penza, 2020. – S. 77-80.

<p>А.КИЗИМБАЕВА э.ғ.к., Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, (Қазақстан, Ақтау) e-mail: kizimbaeva@mail.ru</p>	<p>Г.АХМЕТОВА э.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, (Қазақстан, Атырау) e-mail: esentemir@mail.ru</p>
<p>С.АЛЬДЕШОВА экономика ғылымдарының магистрі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, (Қазақстан, Атырау) e-mail: samalab_79@mail.ru</p>	<p><i>16.01.2025ж. баспаға түсті</i> <i>22.01.2025ж. түзетулермен келді</i> <i>30.03.2025ж. басып шығаруға қабылданды</i></p>

A.KIZIMBAYEVA¹✉, G.AKHMETOVA², S.ALDESHOVA²

¹Caspian University of Technologies and Engineering after S. Yessenov
(Kazakhstan, Aktau), E-mail: kizimbaeva@mail.ru

²Kh.Dosmukhamedov Atyrau University
(Kazakhstan, Atyrau)

FEATURES OF THE ORGANIZATION OF AUDIT IN TOURISM

Annotation. *The tourist route of the country today refers to investment as one of the most priority sectors. Of course, the economy is a priority for our state. For the rapid development of the tourism industry, it is necessary to conduct an audit in order to prove the reliability of the financial statements of institutions engaged in tourist services. On the one hand, this is the only guarantee that the financial investments that flow into this industry are directed correctly. Today, the development of tourism business in Kazakhstan is one of the most important directions of state policy, as Kazakhstan has entered a new stage of economic development. In this regard, there is a need for a clear organization of auditing as the main component of economic activity. This article discusses some issues of the development of accounting and auditing in the tourism business in the Republic of Kazakhstan. This article discusses some aspects of the organization of the accounting policy of travel agencies, the positive basis for their functioning, as well as the features that auditors should pay attention to when checking.*

Keywords: *Accounting, Audit, tourism business, tour operator, auditing, tourism.*

A.КИЗИМБАЕВА¹✉, Г.АХМЕТОВА², С.Б.АЛЬДЕШОВА²

¹Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
(Казakhstan, Актау), E-mail: kizimbaeva@mail.ru

²Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова
(Казakhstan, Атырау)

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ АУДИТА В ТУРИЗМЕ

Аннотация. *Туристский маршрут страны сегодня относится к инвестированию как одна из самых приоритетных отраслей. Безусловно, приоритетной для нашего государства является экономика. Для бурного развития туристской отрасли необходимо провести аудиторскую проверку с целью доказательства достоверности финансовой отчетности учреждений, занимающихся туристскими услугами. Это, с одной стороны, единственная гарантия того, что финансовые вложения, которые вливаются в эту отрасль, направлены*

правильно. Сегодня развитие туристского бизнеса в Казахстане является одним из важнейших направлений государственной политики, так как Казахстан вступил в новый этап экономического развития. В связи с этим возникает необходимость четкой организации аудиторской проверки как основной составляющей экономической деятельности. В данной статье рассмотрены некоторые вопросы развития учета и аудита в туристском бизнесе в Республике Казахстан. В данной статье рассматриваются некоторые аспекты организации учетной политики туристических фирм, положительная основа их функционирования, а также особенности, на которые аудиторы должны обратить внимание при проверке.

Ключевые слова: *Бухгалтерский учет, аудит, туристический бизнес, туроператор, аудиторская деятельность, туризм.*